«БАЙЗАҚ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ ӘЛЬ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ДОМ КУЛЬТУРЫ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ ОТДЕЛА КУЛЬТУРЫ И РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ АКИМАТА БАЙЗАКСКОГО РАЙОНА»

БҰЙРЫҚ

30 қаңтар 2026 жыл

Сарыкемер ауылы

ПРИКАЗ

№ 11 н/қ

село Сарыкемер

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекетік сатып алу туралы» №106-VIII Заңының 16 бабының 5 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Заңының 16 бабы 3 тармағының 32 тармақшасы негізінде мекеменің «MAMA» атты кино стиліндегі мюзикл - концертін ұйымдастыру үшін, жалпы сомасы «6 000 000,00» теңгеге тікелей келісім шартқа тұру.

2. Мемлекеттік сатып алуға келісім шарттардың орындалуын мекеменің бас есепшісі Д.И. Сейдалиеваға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды, сондай-ақ Заңның 16-бабының 5 тармағына сәйкес жауаптылықты өзіме қалдырамын.

Директор **Қ. Құрманәлі**

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБылАДы. Қызмет бабында қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве.ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

БАЙЗАҚ АУДАНЫ МӘДЕНИЕТ ҮІ

&

MEDET PRODUCTION

ҰСЫНАДЫ

МАМА
МЮЗИКЛ



Сипаттама:

«Мама» мюзикл формасындағы концерт.
Қазақтыңән жанрларын зерттей отырып, Qazbi өзіндік қазақ стиліне жұмыс жүргізуге көшу көзделуде.

Пролог:

4 есік. Сахнада 4 есік бар. Олар сахнада жүреді және айналады.
LED экранда да есіктер бар. Оларашылады да «Ана» мюзикл атауы пайда болады.

1-ТАРИХ

ҚҰРАҚ КӨРПЕ

Ән1
Құрақ көрпе
(анасы мен қызы)

Әйел диванда отырып және тігіспен тігісті біріктіре отырып көрпенің құрақтарын бір-бірімен қосады. Түрлі-түсті көз тартарлық, ысылған,тегіс, барқыт құрақтар алуан бояулы көрпеге жиылады. Иненіңәр қимылымен жіптер ұрпақтарды қайта байланыстырып жатқан іспетті. Көрпе өзіне ата-бабалардың сүйіспеншілігін сақтап, барлық тағдыр қиындықтарынан қорғайды. Үлкенқызы чемоданымен есіктің жанында тұрып, анасына қатты таңдана қарап тұр. Оның әрбір қимылынесте сақтауға тырысып тұрғандай.

Сахна диалогқа ауысады,содан кейін ана менқыз ән айта бастайды.

Әннің жолдану сипаты: Қызына көрпенің әрбір құрағы туғандарынан естелік ретінде қымбат. Анасы қызына тек көрпе ғана емес,сонымен бірге әулеттің қорғанымен қамқорлығын береді.



Ана-ана-ана
(“Тақиялы періште” фильмнен)

Солғанша гүлім көзде тұнып
Ана деп ән салам
Жүрейін мейлі жүзге толып
Бөбекпін мен саған

Ана--ана--ана
Мәңгі дос сен ғана
Абзал ана ана
Көңілің кең дала
Дарасың сен маған
Данасың сен маған
Мақтанатын, мархабатым, махаббатым

Сол үшін ана есіміңмен
Ел ана деп адам
Тербеледі бесігіңмен
Жер ана деп адам

Ана--ана--ана
Мәңгі дос сен ғана
Абзал ана ана
Көңілің кең дала
Дарасың сен маған
Данасың сен маған
Мақтанатын, мархабатым, махаббатым...

Ән 2
Жолдарың болсын
(аналар)

Қыз үйінен кетеді. Фонында «Тақиялы періште» кинофильмінен «Ана туралы ән» шығармасы дыбысталады. Әже бата беріп, балаларына «Жолдарың болсын» «Жортқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын!» тілек сөздерін айтады.

Әннің жолдану сипаты: Барлық балапандар ұяданұшып кетеді. Барлық жолдар сені күткен жерге апарсын. Тағдырдың бізге не дайындағанын ешкім білмейді, бірақ қайда барсаң да, ана махаббаты жаныңда жебеп жүреді.

Ән 3
Сенімді таңдау жаса
(әжелер)

Көрерменнің алдында 4 бірдей есік тұрады. Олардың әрқайсысының артында бүкіл әлем тұр. Қызқиын таңдау жасаудан кібіртіктеп, тартыншақтап тұр.

Қандай есікті ашу керек?

Әжелер шығып, ән айтады.

Әннің жолдану сипаты: Әр есік – бұл тағдыр. Жүрекпен таңда. Өрнектеліп, сәнденгеніне емес, ішінен шығатын жарыққа қара. Сенімді таңда және есіңе сақта! Сенің әр қадамыңның артында ата-бабаларыңыздың қуаты жатыр.

2-ТАРИХ

АНАҢДЫ ЖЫЛАТПА

Анаңды жылатпа

2 жас жігіт бір-бірінне қарай екпіндеп келеді. Олардың көзінде – жек көрініш.
Қолында пышақтар, темір құбырлар мен арматуралар бар. Төбелес сөз жарыстырумен араласып жатыр. «Жанға жан», «жоқ, анамыздың ойлайық», «ең алдымен маған лайықты жауап бересің» - «жоқ, анамызды ойлайық», «кішкентай бала тәрізді қорқатын уақыт емес», «анамызды ойлайық», «алдымен мәселенің басын ашып алайық» деген ауызша қарсыласумен араласып жатыр.

Біраз уақыттан кейін жігіттер иықтарын тірестіріп тұрып, өздерінің қорқыныштарымен армандары... және үйде күтіп тұрған аналар бар қарапайым балалар екенін есіне алады. Ән енді бірауыздан естіліп, дауысы күшейе түседі.

Ән формасы: айтыс (?)

Әннің жолдану сипаты: Иә, біздің дау-дамайымыздың шешімі жоқ шығар, бірақ тоқтайықшы. Кәне, тоқтайық! Өйткені, сілтенген пышақ әр қимылы -ананың жүрегіне соққы ғой. Біздің әрқайсымыздың анамыз бар.Оның көз жасына ерік жол бермейміз! Бұлбіздің қолымызда.

Жігіттер жыртылған киіммен, бет-әлпетінде төбелес іздері бар, қисаңдай қозғалып, сахнадаиық тірестіріп тұрады. Тыптыныш жағдайда, толық үнсіздіктен ұялы телефонның қоңырау дауысы естіледі. Жігіттердің бірі демін тарта тұрып кідіреді де:

«.... Иә, анашым,бәрі жақсы» деп жауап береді.

АНАМ МЕНІҢ – ПЕРІШТЕ

Жігіттер бірінен соң бірі мына сөздерде айта бастайды:
«Мен анама қоңырау шалмағаныма көп уақыт болды...»
«Анам қазір күтіп отыр... ал мен бұл жерде не істеп тұрмын?»
«Мен бала кезімде осы қолыммен анамның қолынан ұстап едім ғой, ал қазір пышақ ұстап тұрмын...» (өзінің қолына қарайды)
«Қазіргі күйімді анам көрсе ғой...»
«Анам «адамдарға ешқашан қол көтерме» дейтін. Ал мен не істем тұрмын?...»(қолы дірілдейді)
«Мен анама қарындасымды қорғауға уәде етіп едім ғой, ол да жақын арада ана атанады...»
«Анам менің қайда түнеп жүргенімді де білмейді. Мен оған айтуға ұяламын...»
«Ол менің жақсы адам деген сенімде жүр ғой...»
«Ана»
«Ана»
«Ана»
«Ана»
«Ана»
«Ана»
«Ана»

«Мен дәл қазір анама барамын...» (теріс бұрылады да кетеді).

Жігіттердің бірі ортада тұрып, бір қадам алға басып: *«Анашыммммм!»* денп айқайлайды.

Дыбыс сахна тысынан шығып, қабырғадан жаңғырық болып естіліп, залға қарай тарай бастайды. Жігіттер бір қырына бастарын қисая түсіріп, әлдебірі теріс айналып, кете барады.

АНА ТЕРЕЗЕ АЛДЫНДА ТҰР

Әйел көршісінің хат әкеп беруінен оянады. Дірілдеген қолдарымен әйел конвертті жыртып ашады да, оның көздері жасқа малынып қағазды жүгіріп оқып жатыр. Көршісі хатты әйелдің қолынан ақырын алып, жәй дауыспен оқи бастайды [хат мәтіні]. Әйелескі сандықтың алдында тізе бүгіп, ойыншық машиналар мен ұшақтардың арасынан кішкене тозған аяқ киімді тауып алады. Содан кейін терезеден алысқа оқтала қарайды. Оның көзалдына бүлінген қысқа шалбар киген кішкентай бала өзіне қарай жүгіргені келеді, баланың күлкісі бүкіл бөлмені алып кетеді.

Ол айнаға қарап, оны жігітке айналғанын көреді. «Мен сенің үйгежол табатыныңдыбілдім» деп ән айта бастайды.

Әннің жолдану сипаты: «Менің балаларым әрқашанменің жүрегімде. Мен оларды күтемін. Не болса да, мен осында, терезенің алдындамын. Әр күн, минут сайын олар үшін дұға қылып және дұғаларым оларды үйге қайта оралтатынына сенемін».

3-ТАРИХ

ЗИРАТ



ЗИРАТ

Жарқын күн, көктемнің жеңіл самалы. Қарт адам зират ішінде, қабірлердің арасынан сенімсіз, ойланған қадаммен аяқ басуда. Оның отбасы артынан еріп келеді. Ақырында, ол қабірлердің біріне тоқтайды да беті бұжыр тақтайшаны сипап өтіп,тізе бүгеді.

Оның көзқарасы шоғырланып, ойланған кейіпке түседі. Бұл көзқарас бүкіл тарихқа толы. Көрермен кейіпкердің көзінің қарашығына еніп, уақыт көшіне ілеседі.

СЕН МАҒАН ЖОЛ КӨРСЕТІП, ҚАНАТ БЕРДІҢ

Дауысы дүрілдеген жүк пойызы станцияға күрт тоқтайды. Вагондардың есіктері сықырлай ашылады. Ұзақ жолдан, суықтан және аштықтан шаршаған, жұқа киімкиген адам дарқараңғы тұнектен баяу шыға бастайды. Олардың иығында шүберек қапшалар бар. Вагоннан аяққа әрең тұрып, сүріне қадам басқан бес жасар шешенұлтты бала шығады. Ол қыстың күнінен көзін сығырайтады. Желбаланың онсыз да әбден қиналған, арық бетінен соққылайды. Ол әлі шықпай жатқан анасын іздейді. У-шу, дегбірсіздену мен адамдардың қысылуы, балалар дыңжылап, сарбаздардың ашуланған айқайы.

Вагондардан өздігінен шыға алмайтын қарттар мен науқастарды тікелей жерге итеріп шығарып тастап жатыр Шексіз ақ даланың ортасында жел соғып тұр. Әр жерлерде адамдардың жылуын табу үшін бір-біріне жабысып тұрған қара үйінділер тұр. Кейбіреулері жерде қозғалыссыз жатыр.

Терме орындалады.

Жерге кіріп кететіндей кепе үйдің алдында көз жасы қатып қалған, беті суықтан көгере түскен көк бала қимылсыз отыр. Олбасқа әлемнене шыққандай *«Балақай»* дауысты естиді.

Тұманданған, қорқынышқа толы көзін көтереді де алдында шаршаған, жел қарыған, бірақ мейірімдіжүзі барәйелді көреді. Әйелоның алдына тізесін бүгіп отырады да, жылы қолымен бетін сипап: *«Балақай, кетейік»* деп үн қатады. Баланы қолына көтеріп үйінее әкеледі, Ұзақ уақыттан бері бала алғаш рет жылуға бөленеді.

Оның алдында ыстық сүт құйылған кесе пен жылынан тұрр. Дастархан басында тағы 5 бала отыр. Әйелнанды балаларна бөліп береді. Бала көрген түсінен оянып кететіндей қозғалуға қорқық қандай отырады. бұл арман депқорқа тындай баяу жүреді.Содан кейін екі қолыменн нанды барынша ұстап, жей бастайды.
Әйел көзін алмайқасында отырады.

ӘН: ҚАЗАҚ АНАСЫНЫҢ ӘНІ



ОТБАСЫ

Көрермен кейіпкердің көзінің қарашығына еніп, өткен уақытқа артқа шегінеді.
Кадр артындағы мәтін естіледі: Анашым, егер сен болмасаң, мен бүгін ешкім болмас едім. Мен сол көктемге дейін өмір сүре алмас едім. Мен Сіз танымайтын, аш бала едім, бірақ сен меннен бейтаныс адамды емес, баланы көрдің. Сен мені «Құдай қонақ» деп атадың. Менімен соңғы наныңды бөлістің. Сен маған жол көрсеттің, қанат сыйладың. Бізге қараңыз, бұл еңбегіңіздің бәрі бекер болған жоқ екен. Сол қыста мен барлық туыстарымнан айырылып, кепе үйде өлуге шақ қалғанда, сен мені ғана құтқарған жоқсың. Мыналарға қарашы, бұл менің отбасым, менің жалғасым. Әр түн сайын, жатар уақытымда мен сенің тыныштығың үшін дұға етемін және оларға сен туралы айтып отырамын. Осынау кең дала сияқты сенің жаның жайлы сыр шертемін!

Бүкіл шешен халқының атынан кадр артындағы мәтін естіледі: Бүкіл шешен халқының атынан шын жүректен: «Қазақ жерінің даңқы артсын, қолынан келгендердің бәрін жылытқан барлық қазақ әйелдеріне мәңгілік алғыс» дейміз. Қабірдің жанында кейіпкердің отбасы тұр. Әйелі оны шынтағынан сүйеп ұстап тұрады.

4-ТАРИХ

“АНА” КОНЦЕРТІ

ӘН 1: АНАНЫҢ ӘНІ (ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ-АНАҒА ҮЛКЕН АЛҒЫС)

Сахнада қайтадан 4 есік тұр.

Жүргізушілер «Мама» тобын өнер көрсетуін жариялайды.

Есіктен түрлі жастағы 4 әйел шығады. Жарық, фанфарлар, оларды мианызды тұлғалар ретінде қарсы алады.

ӘН 2: БОЛАШАҚ АНАНЫҢ ӘНІ

ӘН 3: ӘН - ӘЖЕНІҢ АЛҒЫСЫ

ФИНАЛ ӘЗІРЛЕНУДЕ

“Ұлы Отбасы”/”Ұлы Ана”

Финал идеясы: қатысқан әртістердің барлығы сахнаға шығады: үлкендер, орта буындағы ерлер мен әйелдер, жастар, балалар. Көрермендер заларғы жақтарынан олардың туыстары мен достары сахнаға ағыла бастайды. Жылы құшақ, шынайы қауышу басталады.
Сахна үлкен жанды шеңберге, орталығында қазақ әйел-анасы бар үлкен отбасына айналады.
·Ана жүрегінің жылуынан басталады – әзірленуде

ҚҰРМЕТПЕН,
MEDET PRODUCTION
MEDET PRODUCTION